"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу қағидасы" ЕРЕЖЕ<*>

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілген 1998 ж. 6 ақпандағы N 129 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 2 наурызда тіркелді. Тіркеу N 478. Ереженің атауы өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 ~V980087 бұйрығымен. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 1999.01.15. N 3 бұйрығымен. ~V990667

ЕСКЕРТУ. Қағиданың мәтіні бойынша "заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімі" деген сөздер "заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже республика аймағында орналасқан құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі , олардың филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеуі бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің аймақтық органдары мен жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігінің тіркеу қызметтерінің (бұдан әрі-тіркеуші органдар) әрекетін реттейді.

2. Әділет органдары жүзеге асыратын мемлекеттік тіркеу субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру тәсілі болып табылады. Заңды тұлға туралы деректерді заңды тұлғалардың регистріне енгізу және әділет органдары беретін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік субъектінің заңды тұлға құқықтарын иемденгенінің ресми аймағы болып табылады.

Тіркелмеген заңды тұлғаның, оның филиалы немесе өкілдігінің әрекетіне тыйым салынады. Тіркеусіз әрекеттен түскен пайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджет пайдасына алынады.

3. Тіркеу барысында заңды тұлға құрудың, филиалдың немесе өкілдіктің ашылуының жөнділігі назарға алынбайды, бақылауды жүзеге асыру және оның өндірістік-шаруашылық және қаржылық қызметіне араласу мақсаты көзделінбейді.

4. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі және олардың республика аумағындағы филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеуі:

- заңды тұлғаны, филиалды немесе өкілдікті құру, қайта құру және тарату

фактісін растау;

- құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалардың, филиалдардың және өкілдіктердің есепке алуын, сондай-ақ заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу;

- заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексеру;

- заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты ( қызмет немесе кәсіпкерлік құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда) мүдделі тұлғаларға келісімді шартпен өткізу мақсатымен жүзеге асады.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) және жергілікті әділет органдары құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы деректерге ие заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізеді.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрі және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрі бірыңғай әдістемелік және бағдарламалық-технологиялық қағидаларға негізделген бірыңғай деректер банкіне. Құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы Әділет министрлігінің аймақтық органдарынан модемді байланыс арқылы алынған деректер негізінде Агенттік бірыңғай электронды деректер банкін қалыптастыруды жүзеге асырады. Аймақтық электронды деректер банкін Әділет министрлігінің жергілікті органдары қалыптастырады.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін жүргізу тәртібін заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрі және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу тәртібі туралы Нұсқауы аныктайды.

6. Мемлекеттік статистика органдары мемлекеттік тіркеу куәлігі негізінде мемлекеттік (есептік) тіркеу деректерін және заңды тұлға, оның филиалы мен өкілдігі туралы басқа қажетті деректерді оларға жүйеленген теңестірілген және басқа жүйелік-есептеу кодтарын бере отырып Мемлекеттік статистикалық регистрге енгізеді.

7. Осы Ереже:

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі K941000_ (жалпы бөлім) 27 желтоқсан 1994 жылғы (1998 жылдың маусым айының 15-ші күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен); <*>

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 көкектегі "Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуі туралы" U952198_ Заң күші бар Жарлығы (1998

жылдың маусым айының 15-ші күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен); <*>

- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы "Шетел инвестициялары туралы" Z949000_ Заңы (1997 жылдың қазан айының 20-шы күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен);

- Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы "Діни көзқарастар бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Z924000_ Заңы (1997 жылдың қазан айының 20-шы күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен);

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 мамырдағы " Шаруашылық серіктестіктері туралы" U952255_ Заң күші бар Жарлығы (1998 жылдың маусым айының 15-ші күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен); <*>

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы " Мемлекеттік кәсіпорын туралы" U952335_ Заң күші бар Жарлығы "1997 жылдың қазан айының 20-шы күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен);

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 5 қазандағы "Өндірістік кооператив туралы" U952486_ Заң күші бар Жарлығы (1997 жылдың қазан айының 20-шы күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен);

- Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Z960003_ Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 2 шілдедегі "Саяси партиялар туралы" Z960016_ Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 көкектегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Z970094_ Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік сүйемелдеу" Z970131_ туралы Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі "Нотариат туралы" Z970155_ Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы "Адвокаттық қызмет туралы" Z970195_ Заңы;

- Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы 1998 жылғы 30 сәуірдегі Z980220_ Қазақстан Республикасының Заңы; <* >

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 көкектегі N 564 P950564_ "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 269-XШ "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін ( жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" Қаулысын жүзеге асыру туралы" қаулысы;

- Ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік бойынша

деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 Қаулысы; <*> P980246_

- басқа нормативтік құқықтық актілер негізінде дайындалды.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

## II. Тіркеу алымы

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 көкектегі N 2235 U952235_ "Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы" (1997 жылдың шілде айының 1-ші күніне дейінгі енгізілген өзгерістері мен қосымшаларымен) Жарлығына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте және мөлшерде алым алынады.

Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) нормаларына сәйкестендірулермен байланысты оларды тіркеу және қайта тіркеу барысында тіркеу алымын төлеуден босатылады.

## III. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу тәртібі

9. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеуіне құрылатын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестілігін тексеру, тіркеу нөмірін бере отырып оларға мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру, заңды тұлғалар туралы деректерді заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне енгізу кіреді.

10. Республика аймағында құрылатын барлық заңды тұлғаларға олардың құрылу мақсаттарына, олардың әрекетінің жайы мен түріне, қатысушылар құрамына қарамастан мемлекеттік тіркеу міндетті болып табылады.

Заңды қайта ұйымдастыруда мынадай жағдайларында тіркелуге жатады: <*>

- қайта ұйымдастырылған кезде заңды тұлға өзінің түрін (ұйымдық-құқықтық нысанын) өзгертеді, бұл ретте тіркеуші органға тапсыру актісін табыс етіледі. Өз қызметін тоқтатқан (қайта ұйымдастырылған) ұйым заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімінен шығарылып тасталуы тиіс, бұл жөнінде қайта құрылған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелімі туралы бұйрықта көрсетіледі. Бұл жағдайда құрылтайшылық құжаттардың түпнұсқалары және өз қызметін доғарған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік алынуы тиіс; <*>

- қосылған кезде екі және одан артық заңды тұлғалардың қызметі доғарылады , олардың негізінде тіркелуге жататын бір заңды тұлға құрылады. Өз қызметін доғарған заңды тұлғалардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері тапсыру актісіне сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға көшеді. Қайта құрылған заңды тұлғаны тіркеуді жүзеге асырған кезде әділет органы өз қызметін доғарған ұйымдарды заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімінен шығарып тастайды, бұл жөнінде құрылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі. Бұл жағдайда құрылтайшылық құжаттардың түпнұсқалары және өз қызметін доғарған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік алынуы тиіс; <*?

- бөлінген кезде заңды тұлғаның қызметі тоқтайды, оның негізінде екі және одан артық заңды тұлға құрылады. Жаңадан құрылған заңды тұлғалар әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Бөлінуге жататын заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері бөлінетін балансқа сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға көшеді. Өз қызметін доғарған ұйымдар заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімінен шығарылуы тиіс, бұл жөнінде бір мезгілде жаңадан құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі. Құрылтайшылық құжаттардың түпнұсқалары және өз қызметін доғарған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік тіркеуші органға тапсырылады; <*>

- бөлініп шыққан кезде бір заңды тұлғаның құрамынан бір және одан артық заңды тұлғалар бөлініп шыққан жағдайда бөлініп шыққан заңды тұлғалар тіркелуі тиіс. Қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері бөлінетін балансқа сәйкес олардың әрқайсысына көшеді; <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

11. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі келесі тәртіппен жүргізіледі:

11.1. Құрылтайшы немесе ол уәкілді еткен тұлға тіркеу органына:

- қоса ұсынылған үлгідегідей тіркеу туралы өтініш (N 1 қосымшаны қараңыз). Мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктері мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін ұстаушының (бұдан әрі - тізілім ұстаушы) функцияларын жүзеге асыратын уәкілді органның белгісі соғылған өтінішті табыс етеді; <*>

- заңды тұлғаның тіркеуіне қажетті, белгіленген тәртіпте куәланған құрылтай және басқа құжаттар пакетін (N 2 қосымшада құжаттар тізімі көрсетілген) ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 11.1-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің

1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

11.2.Жоғарыда аталған құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс құрастырылғанын тексеруге;

- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестілігін тексеруге;

- құрылтай құжаттары заңдарға сәйкес болған жағдайда заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі туралы бұйрық шығаруға (бұйрық жобасын заңды тұлғаның құжаттарын қарастырған тіркеу қызметінің маманы екі данада дайындайды, және оған осы маман, сонымен қатар тіркеу бөлімінің бастығы немесе оның орынбасары қолын қояды, содан соң әділет органының бастығына немесе оның орынбасарына қол қоюға ұсынылады);

- мемлекеттік регистрге енгізуге, сондай-ақ заңды тұлғалар туралы электронды деректер банкіне енгізуге;

- заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі туралы куәлік беруге (N 3, 4 қосымшаларды қараңыз). Заңды тұлғаға тіркеу нөмірін беру тәртібін заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу тәртібі туралы Нұсқау анықтайды;

- құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын іс дайындауға міндетті. Іс дайын болғаннан кейін (тиісті штамптар қойылып болғаннан кейін) құрылтай құжаттарының түпнұсқалары құрылтайшыға немесе оның өкіліне беріледі.

12. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің мемлекеттік тіркеу келесі тәртіппен жүргізіледі:

12.1. Құрылтайшы немесе ол уәкілді еткен тұлға тіркеу органына:

- қоса ұсынылған үлгідегідей тіркеу туралы өтінішті (N 5 қосымша). Мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктері мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін ұстаушының (бұдан әрі - тізілім ұстаушы) функцияларын жүзеге асыратын уәкілді органның белгісі соғылған өтінішті табыс етеді; <*>

- шағын кәсіпкерлік субъектісінің тіркеуіне қажетті, белгіленген тәртіпте куәланған құрылтай және басқа құжаттар пакетін (N 6 қосымшада құжаттар тізімі көрсетілген) ұсынады.

Құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес болған жағдайда тіркеуші орган осы Ереженің 11.2-тармағы қарастыратын тәртіппен тіркеуді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 12.1-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің

1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

13. Тіркеуші орган:

- заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеуге алудың нысан қосып, тіркелген, қайта тіркелген және таратылған заңды тұлғалардың тізбегін ай сайын модемдік байланыс бойынша, ал қажет болған жағдайда-қағазға бастырып немесе дискет түрінде Агенттікке жіберуге міндетті;

- 10 күн ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің жүргізілгені туралы статистика органдарына және тізілім ұстаушыға хабарлайды (N 6а қосымшаны қараңыз); <*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

## IV. Заңды тұлғаның филиалының немесе өкілдігінің есептік тіркеуінің тәртібі

14. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға құқықтарын иемденусіз есептік тіркеуге алынады. Оларға оларды құрған заңды тұлға мүлкі беріледі және заңды тұлға бекіткен ережелер негізінде әрекет етеді.

Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеуіне филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелердің республика заңдарына сәйкестілігін тексеру, тіркеу нөмірін бере отырып оларға есептік тіркеу туралы куәлікті беру, филиалдар мен өкілдіктер туралы деректерді заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестріне енгізу кіреді.

Заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) туралы Ережеде: филиалдың (өкілдіктің) атауы және тұрған жері, филиалды (өкілдікті) құрған заңды тұлғаның атауы және тұрған жері; филиалдың (өкілдіктің) әрекетінің мерзімі; филиалдың (өкілдіктің) әрекетінің мақсаты мен пәні; филиалды (өкілдікті) басқару; филиалдың ( өкілдіктің) әрекетінің тоқтау шарттары анықталады. Ережеде заңдарға қайшы келмейтін басқа да деректер болуы мүмкін. Филиал (өкілдік) туралы ережені заңды тұлғаның өкілетті органы бекітеді, заңды тұлғаның мөрі басылады және оның басшысының қолы қойылады.

15. Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдігінің есептік тіркеуі келесі тәртіппен жүргізіледі:

15.1. Заңды тұлға уәкілді еткен өтініш иесі тіркеу органына:

- қоса ұсынылған үлгідегідей тіркеу туралы өтінішті (N 7 қосымшаны қараңыз);

- филиалдың немесе өкілдіктің есептік тіркеуіне қажетті белгіленген тәртіпте дайындалған құжаттар пакетін ұсынады (құжаттар тізімі N 8 қосымшада көрсетілген).

15.2. Жоғарыда аталған құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс құрастырылғанын тексеруге;

- филиалдың (өкілдіктің) құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестілігін тексеруге;

- заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің есептік тіркеуі туралы бұйрық шығаруға (бұйрық жобасының дайындалу тәртібін Ереженің 11.2-тармағында қараңыз);

заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтерді заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктер реестріне, сонымен қатар филиал немесе өкілдік туралы электронды деректер банкіне енгізуге;

заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің есептік тіркеуі туралы куәлік беруге (N 9,10 қосымшаларды қараңыз). Заңды тұлғаның филиалына (өкілдігіне) тіркеу нөмірін беру тәртібін заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрі және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу тәртібі туралы Нұсқау анықтайды;

- құжаттардың бір-бір данасынан тұратын іс дайындауға міндетті. Іс дайын болғаннан кейін (тиісті штамптар қойылып болғаннан кейін) филиал немесе өкілдік туралы ереже түпнұсқасы өкілетті тұлғаға қайтарылады.

16. Аймақтық әділет органы Агенттікке ай сайын тіркелген, қайта тіркелген және таратылған заңды тұлғалардың тізімін заңды тұлғалардың мемлекеттік регистр нысанына кіретін модемдік байланыс арқылы, қажет жағдайларда - қағаз қолданушы немесе дискета арқылы жіберіп отырады.

## V. Заңды тұлғаны қайта тіркеу

17. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 42-бабының 6-тармағына сәйкес заңды тұлға келесі жағдайларда қайта тіркеледі: 1) жарғы капиталының мөлшерінің азайтылуы; 2) атауының өзгеруі;
3) шаруашылық серіктестіктеріндегі, ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі.

Өкілетті орган шешім қабылдаған сәттен бастап бір айдың ішінде заңды тұлға тіркеуші органға қажетті құжаттар пакетін қоса ұсына отырып қайта тіркеу туралы өтініш береді.

Шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылар құрамының өзгеруі (ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда), заңды тұлғаның атауының өзгеруі, немесе оның жарғы капиталының азайтылуы негізінде заңды тұлғаның қайта тіркеуі қайта құрудың келесі жағдайларында болуы мүмкін:

- қосу барысында, яғни бір және бірнеше заңды тұлғалар таратылып, өткізу

құжатына сәйкес қосылған заңды тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын иемденетін заңды тұлғаның іріленуі жүзеге асады. Қосылған заңды тұлғалар мемлекеттік регистрден шығарылуға тиіс, бұл туралы мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықта бірден көрсетіледі. Егер қосылу нәтижесінде заңды тұлға қайта тіркеуге тиісті болмаса, онда тіркеуші орган қосылу туралы шешімі мен беру актісінің негізінде қосылған заңды тұлғаларды мемлекеттік регистрден шығару туралы бұйрық шығарады. Бұл жағдайда соңғылардан құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары алынады. Бұйрықта қосылған заңды тұлғалардың және оларды қосып алған заңды тұлғаның толық атаулары көрсетілуге тиіс;

- өзгеру барысында заңды тұлға өзінің түрін (ұйымдастыру-құқықтық нысанын) өзгертеді. Өзгеру арқылы қайта құрылатын заңды тұлға тіркеуден өтеді , бұл жағдайда тіркеуші органға өткізу құжаты ұсынылады. Өз әрекетін тоқтатқан (өзгерген) ұйым заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрінен шығарылуға тиіс, ол туралы жаңадан құрылған заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі туралы бұйрықта көрсетіледі. Бұл жағдайда өз әрекетін тоқтатқан заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары алынады.

Ұйымдардың кейбір түрлерінің қайта заңдар қарастыратын ерекшеліктерді есепке ала отырып жүзеге асады.

Қайта құру нәтижесінде өз әрекетін тоқтатқан ұйымдардың заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрінен шығарылуы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 50-бабы белгілеген тәртіпті сақтауды қажет етпейді.

Өз әрекетін тоқтатқан заңды тұлғаларды заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрінен шығарылғаны туралы әділет органы 10 күндік мерзім ішінде статистика тізілім ұстаушыны органдарына хабарлайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің
1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

18. Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі келесі тәртіппен жүзеге асады:

18.1. Заңды тұлға тіркеуші органға:

- қоса ұсынылған үлгідегідей заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі туралы өтінішті (N 11 қосымшаны қараңыз). Мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктері мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін ұстаушының (бұдан әрі - тізілім ұстаушы) функцияларын жүзеге асыратын уәкілді органның белгісі соғылған өтінішті табыс етеді; <*>

- құрылтай құжаттарына өзгерістер (қосымшалар) енгізу туралы өкілетті

органның шешімін;

- өзгерістері (қосымшалары) енгізілген құрылтай құжаттарын. Бұл жағдайда өзгерістер мен қосымшаларды енгізу екі тәсілмен дайындалуы мүмкін: жаңа редакцияда құрылтай құжаттарын дайындау арқылы немесе өзгерістерді ( қосымшаларды) бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша ретінде дайындау арқылы;
- бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқаларын;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқасы және статистикалық карточкасының көшірмесін;
- қайта тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесін ұсынады.

Көрсетілген құжаттар тізімі қайта тіркеудің барлық жағдайларын өткенде ұсынылады.

ЕСКЕРТУ. 18.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

18.2. Қайта тіркеу негізіне байланысты заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеуші органға басқа да құжаттарды ұсынуға тиіс. Соның ішінде, шаруашылық серіктестігінің (ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда) құрамынан шыққан жағдайда қатысушының құрылтайшылар құрамынан шығатынын (акциялардың, үлестердің берілуін) дәлелдейтін құжат ұсынылады. Жарғы капиталының азайтылуымен байланысты жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қайта тіркеу барысында құрылтай құжаттарында аталған бұрынғы жарғы капиталының мөлшерінің қалыптасуы туралы құжат ұсынылуға тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 18.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

18.3. Құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс құрастырылғанын дайындалғандығын тексеруге;
- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестілігін тексеруге;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы бұрынғы куәліктің күшін жою туралы және қолданымдағы заңдар бұзылмаған жағдайда осы Ереженің 11.2. т.-да ескерілген тәртіпке сәйкес заңды тұлғаның қайта тіркеуі туралы бұйрық шығаруға;
- заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне, сонымен қатар заңды тұлға туралы жаңа деректерді электронды деректер банкіне енгізуге;
- заңды тұлғаны қайта құру туралы куәлікті беруге (N 12, 13, қосымшаларды қараңыз). Заңды тұлғаларға тіркеу нөмірін беру тәртібін заңды тұлғалардың

мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу тәртібі туралы Нұсқау анықтайды;

- бұрынғы құрылтай құжаттарының бірінші даналарын (қайта тіркеу барысында заңды тұлға жаңа құрылтай құжаттарын ұсынатын жағдайда) және статистикалық карточканың көшірмесін іске тігуге;

- істі жаңа құрылтай құжаттарымен немесе бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша ретінде дайындалған құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен қосымшалардың данасымен, сондай-ақ заңды тұлғаның басқа құжаттарымен толықтыруға. Іс дайын болғаннан кейін (тиісті штамптар қойылғаннан кейін) құрылтай құжаттарының түпнұсқалары өкілетті тұлғаға қайтарылады;

- заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуге алынғаны туралы мемлекеттік статистика органына (N 14 қосымшаны қараңыз) және тізілім ұстаушыға (N 6а қосымшасын қараңыз) 10 күн ішінде жазбаша хабарласын; <*>

ЕСКЕРТУ. 18.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

19. Заңды тұлғаның қайта тіркеуін жүргізбей, заңда қарастырылатын негіздемелер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер жарамсыз болып табылады.

Заңды тұлғаны қайта тіркеусіз әрекет жүргізу Қазақстан Республикасының қолданымдағы заңдары (ҚазССР әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 169-3 бабы) қарастыратын жауапкершілікті тартады, ал осылайша алынған пайда қолданымдағы заңдарға сәйкес республикалық бюджетке алынады.

20. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) күшіне енгенге дейін құрылған заңды тұлғаның қайта тіркеуі Қазақстан Республикасының заң актілері және Ереже белгілеген тәртіппен жүзеге асады.

## VI. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу тәртібі

21. Заңды тұлғалар құрылтай құжаттарына енгізілуі қайта тіркеуге әкеліп соқтырмайтын және алымды төлемей-ақ жүзеге асатын басқа деректердің өзгеруі туралы хабарлауға тиісті (тұрған жерінің өзгерісі, филиалдың немесе өкілдіктің ашылуы және т.б.). Мұндай өзгерістер мен қосымшалар құрылтай құжаттарына енгізілген жағдайда заңды тұлға бұл туралы тіркеуші органға бір айлық мерзімде хабарлайды.

22. Заңды тұлғаны қайта тіркеуге әкеліп соқтырмайтын құрылтай құжаттарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу келесі тәртіппен жүзеге асады :

22.1. Заңды тұлға тіркеуші органға:

- еркін формада (мемлекеттің үлестік қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер және серіктестіктер үшін тізілім ұстаушының белгісі соғылған өтініш) құрылған өтінішті;

- құрылтай құжаттарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу туралы заңды тұлғаның өкілетті органының шешімі немесе шешімінің үзіндісін;

- құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен қосымшалардың мәтінін ( екі данада). Өзгерістер мен қосымшалар заңды тұлғаның шешімінде берілуі мүмкін, бұл жағдайда шешім екі данада ұсынылады. Егер заңға сәйкес құрылтай құжаттардың нотариаттық куәландырылуы қажет болса, онда оған енгізілетін өзгерістер мен қосымшалар да нотариаттық тәртіпте куәландырылуға тиіс;

- бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқаларын ұсынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 22.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

22.2. Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган:

- олардың дұрыс құрастырылғандығын және енгізілетін өзгерістер мен қосымшалардың республика заңдарына сәйкестілігін тексеруге;

- кемдігі болмаған жағдайларда құрылтай құжаттарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу туралы бұйрық шығаруға;

- заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне, сонымен қатар электронды деректер банкіне заңды тұлға туралы жаңа деректерді енгізуге (регистрде сәйкесті бағандар болған жағдайда);

- заңды тұлға ұсынған құжаттарды іске тігуге. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын енгізілетін өзгерістер мен қосымшаларының екі данасына да, сондай-ақ бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқаларына тіркеуші органның тиісті штампы қойылады. Өзгерістер мен қосымшалардың мәтінінің түпнұсқасы және бұрынғы құрылтай құжаттары өкілетті тұлғаға қайтарылады.

Мемлекеттің үлесті қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындардың және мекемелердің, шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшы құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу туралы тізілім ұстаушыға 10 күн ішінде хабарласын" (N 6а қосымшаны қараңыз). <*>

ЕСКЕРТУ. 22.2.-тармақ жаңа мазмұнмен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

22.3. Егер заңды тұлғаның тұрған жерінің бір облыстан басқа облысқа ауысуымен байланысты құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілсе, онда заңды тұлғаның жаңа тұрған жерінің аймақтық тіркеу органы құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу туралы және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қайта дайындалған куәлікті беру туралы бұйрықты шығарғанға дейін заңды тұлғаның бұрынғы тұрған жеріндегі әділет органынан құжаттарды сұрастыруға міндетті.

Құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу туралы және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қайта дайындалған куәлікті беру туралы және бұрынғы куәліктің күшін жою туралы бұйрық шығарғаннан соң тіркеуші орган:

- заңды тұлға туралы деректерді заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне, сонымен қатар электронды деректер банкіне енгізуге;

- заңды тұлғаның жаңа тұрған жерін, жаңа тіркеу нөмірін және заңды тұлғаның жаңа тіркеу күнін көрсете отырып заңды тұлғаның тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы куәлікті беруге (N 15 қосымшаны қараңыз);

- бұрынғы куәліктің түпнұсқасын және бұрынғы статистикалық карточканың көшірмесін, сонымен қатар жаңадан ұсынылған құжаттарды іске тігуге;

- 10 күннің ішінде заңды тұлғаның тұрған жерінің өзгергені туралы мемлекеттік статистика органына және тізілім ұстаушы (мемлекеттік үлестік қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктері жөнінде) хабарлауға (N 16 қосымшаны қараңыз); <*>

- бұйрықтың көшірмесін заңды тұлғаның бұрынғы тұрған жеріндегі әділет органына жіберуге міндетті.

Алынған бұйрық көшірмесі негізінде әділет органы бұрын тіркелген заңды тұлға туралы деректерді заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрінен және электронды деректер банкінен шығарып тастайды. Заңды тұлғаның бұрынғы тұрған жеріндегі әділет органы 10 күндік мерзім ішінде мемлекеттік статистика органына облыс территориясындағы осы заңды тұлғаның әрекетінің тоқтағаны туралы хабарлайды.

ЕСКЕРТУ. 22.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

## VII. Заңды тұлғаның филиалын, өкілдігін қайта тіркеу

23. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 42-бабының 4-тармағына сәйкес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері атауы өзгерген жағдайда қайта тіркеледі.

24. Заңды тұлғаның филиалдарының, өкілдігінің қайта тіркеуі осы Ереженің 18.1. және 18.3. тармағы қарастыратын тәртіппен жүзеге асады. Филиалға, өкілдікке есептік қайта тіркеу туралы куәлік беріледі (N 17, 18 қосымшаларды қараңыз).

25. Қайта тіркеуге әкеліп соқтырмайтын заңды тұлғаның филиалы, өкілдігі туралы ережеге өзгерістер мен қосымшалар енгізу филиалға (өкілдікке) қатысты осы Ереженің 22-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Филиал (өкілдік) бір облыстан басқа облысқа тұрған жерін ауыстырған жағдайда есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қайта дайындалған куәлік беріледі (N 19 қосымшаны қараңыз).

26. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) күшіне енгенге дейін құрылған заңды тұлғаның филиалдарының (өкілдіктерінің) есептік қайта тіркеуі Қазақстан Республикасының заң актілері және осы Ереже белгілеген тәртіппен жүзеге асады.

## VIII. Тіркеу туралы куәліктің дубликатын беру

27. Заңды тұлғаның, оның филиалы немесе өкілдігінің өтініші бойынша тіркеуші орган 7 күннің ішінде мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің дубликатын береді.

Заңды тұлғалардың (филиалдардың, өкілдіктердің) бірыңғай мемлекеттік тіркелімі (қайта тіркелімі) туралы дубликатты беру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте және мөлшерде алым төленеді.

## IX. Заңды тұлғаны таратуды тіркеу

28. Заңды тұлғаны таратуды тіркеу келесі тәртіппен жүзеге асады:

28.1. Заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған өкілетті орган (ҚР АК 50-бабының 1-тармағы) таратылатын заңды тұлғаның тұрған жеріндегі әділет органына бұл тарату туралы бірден жазбаша түрде хабарлайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 28.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

28.2. Таратуды тіркеу үшін тіркеуші органға келесі құжаттар ұсынылады:

- таратуды тіркеу туралы еркін нысандағы өтініш, мемлекеттің үлестік қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктері үшін тізілім ұстаушының белгісі соғылған өтініш; <*>
- заңды тұлғаны тарату туралы (соттың, өкілетті органның, заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесінің және т.б.) шешімнің көшірмесі;
- құрылтай құжаттарының және статистикалық карточканың түпнұсқалары;
- заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі немесе қайта тіркелімі туралы куәлігінің түпнұсқасы;
- бюджет алдында берешегі жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы; <*>
- таратуды тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі;
- заңды тұлғаны тарату және несие берушілердің тілектерін білдіру тәртібі мен мерзімі туралы деректердің жарияланғанын растайтын құжат. Заңды тұлғаны тарату туралы ақпарат, сондай-ақ несие берушілердің тілектерін білдіру тәртібі

мен мерзімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасында жариялануға тиіс;

- заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бекіткен тарату балансы.

- заңды тұлғаның мөрі; <*>

ЕСКЕРТУ. 28.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

28.3. Осы Ереженің 28.2.-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган 10 күннің ішінде:

- Қазақстан Республикасы заңдары және тұлғаның жарғысы қарастыратын тарату тәртібін сақталғанын тексеруге;

- тарату тәртібі дұрыс болған жағдайда мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің күшін жою және заңды тұлғаның әрекетінің тоқтатылғаны туралы деректерді заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне және электронды деректер банкіне енгізу туралы бұйрық шығаруға. Заңды тұлғаны таратудың белгіленген тәртібі бұзылған жағдайларда тіркеуші орган таратуды тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

- заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне және электронды деректер банкіне заңды тұлғаның әрекетінің тоқтатылғаны туралы жазба енгізуге;

- құрылтай құжаттарының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және статистикалық карточканың түпнұсқаларын, сондай-ақ басқа да ұсынылған құжаттарды әділет органының архивіне өткізуге;

- заңды тұлғаның мөрін жою және осы туралы акті жасау; <*>

- заңды тұлғаны таратудың аяқталғаны туралы 10 күннің ішінде статистика органдарына және тізілім ұстаушыға (мемлекеттің үлестік қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер, шаруашылық серіктестіктері жөнінде ) хабарлауға (N 20 қосымшаны қараңыз) міндетті. <*>

Ұйымдардың кейбір түрлерін (банк және т.б.) тарату заңдар қарастыратын ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 28.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

## X. Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдігін тарату тәртібі

29. Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдігін тарату тіркеуі келесі тәртіппен жүзеге асады:

29.1. Филиалдың (өкілдіктің) мүлкінің иесі немесе филиалды (өкілдікті) тарату туралы шешім қабылдаған өкілетті орган тиісті тіркеуші органға келесі құжаттарды ұсынады:

- заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін тарату туралы (соттың өкілетті органның, заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесінің және т.б.) шешімнің көшірмесі;

- филиал немесе өкілдік туралы ереженің және статистикалық карточканың түпнұсқасы;

- заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің есептік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы куәлігінің түпнұсқасы;

- таратуды тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі;

- заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін тарату туралы және филиалды немесе өкілдікті құрған заңды тұлғаға несие берушілердің тілектерін білдіру тәртібі мен мерзімі туралы деректердің жарияланғанын растайтын құжат. Заңды тұлғалардың филиалын немесе өкілдігін тарату туралы ақпарат, сондай-ақ несие берушілердің тілектерін білдіру тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасында жариялануға тиіс.

29.2. Осы Ереженің 29.1.-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган 10 күннің ішінде:

- Қазақстан Республикасы заңдары және заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) туралы ережесі қарастыратын тарату тәртібі сақталғанын тексеруге;

- тарату тәртібі дұрыс болған жағдайда есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің күшін жою және заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің әрекеті тоқтатылғаны туралы деректерді заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері реестріне және электронды деректер банкіне енгізу туралы бұйрық шығаруға міндетті. Заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін таратудың белгіленген тәртібі бұзылған жағдайларда тіркеуші орган таратуды тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

- заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің әрекеті тоқтатылғаны туралы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері реестріне және электронды деректер банкіне жазба енгізуге;

- ережелердің, есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және статистикалық карточканың түпнұсқаларын, сондай-ақ басқа да ұсынылған құжаттарды әділет органының архивіне өткізуге;

- заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің әрекеті тоқтатылғаны туралы 10 күннің ішінде статистика органдарына хабарлауға (N 20 қосымшаны қараңыз) міндетті.

## X. Мемлекеттік тіркеу мерзімі. Тіркеуден бас тарту

30. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі, заңды тұлғаның

филиалы мен өкілдігінің есептік тіркеуі қажетті құжаттарды ұсына отырып арыз берген күннен бастап 15 күннен кешіктірілмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асады.

31. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларды қарастыру барысында анықталған жетіспеушіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысы қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілері қарастыратын басқа да негіздемелер бойынша мемлекеттік тіркеу мерзімі үзіледі.

32. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімінен (қайта тіркелімінен), заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің есептік тіркеуден ( қайта тіркеуден) бас тарту оларды құрудың заң қарастыратын тәртібі бұзылған жағдайларда немесе олардың құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болмаған жағдайларда мүмкін.

33. Тіркеуге қабыл алынбаған немесе тіркеу мерзімі үзілген жағдайда әділет органы нақты заңның (оның нақты бабының) бұзылғанына сілтемесі бар бұйрық шығарады. Мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) қабыл алынбаған жағдайда мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін төленбеген алым құрылтайшыға қайтарылмайды, мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

Мемлекеттің үлестік қатысуы бар заңды тұлғаны тіркеуден бас тартқан жағдайда тіркеуші орган бас тарту жөнінде тізілім ұстаушыны 10 күн ішінде хабардар етеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ 2-бөлікпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

## XI. Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігінің және Әділет министрлігінің аймақтық органдарының мемлекеттік тіркеу бойынша қызметтерін анықтап айыру

34. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігі:

- заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі жөніндегі аймақтық әділет органдарының әрекетіне әдістемелік басшылықты;
- заңды тұлғалармен және Әділет министрлігінің аймақтық органдарымен заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуі мәселелері бойынша заң актілерінің және осы Ереженің талаптарының сақталуын бақылауды;
- келесі заңды тұлғалардың: барлық банктер және банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың; республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық бірлестіктердің (соның ішінде барлық саяси

партиялардың); шетел және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерінің филиалдары мен өкілдіктерінің; діни басқармалардың ( орталықтардың), екі немесе одан да көп республика облыстарының аумағында әрекет ететін діни бірлестіктердің, сондай-ақ олар құратын діни оқу мекемелерінің, монастрлердің және басқа бірлестіктердің тіркеуін (қайта тіркеуін және тарату тіркеуін);

- заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізуді;

- аймақтық әділет органдарынан құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты қабылдауды;

- Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің бірыңғай электронды деректер банкін қалыптастыруды;

- Қазақстан Республикасы аумағындағы құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізімін Әділет министрлігінің ресми баспа органында тоқсан сайын жариялауды;

заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі мәселелері бойынша Әділет министрлігінің аумақтық органдарының әрекетімен байланысты түскен шағымдарды қарастыруды жүзеге асырады.

35. Әділет министрлігінің аумақтық органдары:

- сәйкесті облыстағы құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігінде тіркелетіндерден басқасын тіркеуін (қайта тіркеуін және тарату тіркеуін);

- Қазақстан Республикасының сәйкесті облысы бойынша заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізуді;

- Қазақстан Республикасының сәйкесті облысының аумағында орналасқан заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің бірыңғай электронды деректер банкін қалыптастыруды;

- Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігіне ақпарат беруді жүзеге асырады.

36. Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігі тіркеуі Әділет министрлігінің аймақтық органдарына қарасты заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің тіркеуін, қайта тіркеуін және таратуын жүргізуге құқықты.

37. Әділет органдары заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері

туралы ақпаратты (қызмет немесе кәсіпкерлік құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда) мүдделі тұлғаларға келісімді шартпен өткізуді жүзеге асыра алады ("Қазақстан Республикасы Президентінің заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімі туралы" Заң күші бар Жарлығының 2-бабы).

---

Заңды тұлғаларды

мемлекеттік тіркеу қағидасына
N 1-қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. N 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

---

Заңды тұлғаларды тіркеуді
________________________________
жүзеге асыратын органның атауы

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

ӨТІНІШ

___________________________________________________________________

құрылтайшының немесе оның өкілінің тегі, аты-жөні

___________________________________________________________________

заңды тұлғалардың құрылғандығы және оның жарғысының бекітілгендігі

____________________________________________________________құрылғаı

туралы шешім (жиналыс хаттамасы)

___________________________________________________________________

___________________________________________________ тіркеуге ұсынады

Заңды тұлғаның бірінші басшысы (жоғарғы лауазымды тұлға) ____________

___________________________________________________________________

тегі, аты-жөні

Қызметтің негізгі түрлері (керегін сызу керек): инвестициялық, банктік (банктік операциялар), сақтандыру, биржалық, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет, басқалар: ________________________________

___________________________________________________________________

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны __________________________

___________________________________________________________________

Меншік түрі _______________________________________________________

Заңды тұлғаның орналасқан жері (мекен-жайы) _________________________

___________________________________________________________________

Жарғылық қор ______________________________________________________

Шетел инвесторларының қатысуы (ия, жоқ) _____________________________

Үлгілік жарғының негізінде әрекет етеді (ия, жоқ) ___________________

Өтінішке қоса беріледі: 1.

2.

3.

Өтініш беруші __________________ 199__жылғы "____" __________

қолы

Ескерту: Өзінің қызметін Үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын ЖШС және ҚЖС үшін өтініште олардың атауы, орналасқан жері, банктік реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болып табылса) немесе атауы, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжатының мәліметтері (егер құрылтайшы жеке тұлға болып табылса) көрсетілген қатысушылардың тізімі көрсетіледі.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік

тіркеудің қағидасына
N 2 қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. N 2-қосымша өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74
V980087_
бұйрығымен.

Субъектілердің заңды тұлға ретінде
тіркеуге ұсынатын
құжаттарының тізімі

I. Шетел қатысуы жоқ заңды тұлғалардың
ұсынатын құжаттарының тізімі

1.1 Мемлекеттік кәсіпорындар:

1.1.1. Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорын:
- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшы (өкілетті орган) бекіткен жарғы;
- кәсіпорынды құру туралы Үкіметтің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі;
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.
<*>

ЕСКЕРТУ. 1.1.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74
V980087_
бұйрығымен.

1.1.2. Оралымды басқару құқығына негізделген кәсіпорын (қазыналық кәсіпорын):
- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшы (өкілетті орган) бекіткен жарғы;
- кәсіпорынды құру туралы Үкіметтің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі;
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

1.2. Шаруашылық серіктестіктері:

1.2.1. Толық серіктестік:
- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты;
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

1.2.2. Сенім (коммандиттік) серіктестік:
- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

1.2.3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшы (-лар) бекіткен жарғы;
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1.2.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

1.2.4. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік:

- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшы(-лар) бекіткен жарғы;
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1.2.4.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

1.2.5. Акционерлік қоғам (ашық және жабық):

- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшы (құрылтай жиналысы) бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшылар саны бірден асатын болса);
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1.2.5.-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1998.06.24. N 74 V980087_ бұйрығымен.

Ескерту:

Шаруашылық серіктестігінің жарғысына құрылтай шартына сәйкес осы серіктестіктің басқарушысы ретінде тағайындалған құрылтайшы немесе шаруашылық серіктестіктің қатысушылары бірінші басшы (жоғарғы лауазымды тұлға) етіп тағайындаған тұлға қол қояды.

Бір тұлға құрылтайшысы болып табылатын шаруашылық серіктестіктің жарғысына осы құрылтайшы қол қояды.

Шаруашылық серіктестіктің құрылтай шартына оның барлық құрылтайшылары қол қояды.

Шаруашылық серіктестіктің құрылтай құжаттары (жарғы және құрылтай шарт) нотариаттық растауды қажет етеді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік және акционерлік қоғам бір тұлғадан тұратын басқа шаруашылық серіктестікті жалғыз қатысушы ретінде қабылдай алмайды.

1.3. Өндірістік кооператив:

- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшы(-лар) бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшылардың қалауы бойынша);
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту:

Егер өндірістік кооперативті құру барысында құрылтай шарты бекітілмесе, онда тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрақты мекен-жайы көрсетілген өндірістік кооператив мүшелерінің тізімі тіркеуші органға ұсынылуға тиіс.

1.4. Мекеме:

- тіркеу туралы өтініш;
- мекемені құру туралы меншік иесінің (өкілетті мемлекеттік органның) шешімі;
- меншік иесі(-лері)/құрылтайшы(-лар)/бекіткен ереже (жарғы);
- құрылтай шарты немесе ұқсас келісім (меншік иелерінің (құрылтайшылардың саны бірден көп болса);
- тұрған жерін растайтын құжат;

- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

1.5. Тұтыну кооперативі:

- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

1.6. Тұрғын үй-құрылыс кооперативі және тұрғын үй кооперативі:

- тіркеу туралы өтініш;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- тұрған жерін растайтын құжат;
